

Мұнай өнімдерін тұтынушыларға беріп тұру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 18 қараша 1993 ж. N 526-ө

Ресей Федерациясынан мұнай мен мұнай өнімдерін беріп тұрудың шектелуіне байланысты және Қазақстан халық шаруашылығының жанар-жағар материалдарына деген қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында:

1. 1993 жылғы 18 қарашадан 1994 жылғы 31 наурызға дейін меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалардың қолындағы мұнай өнімдерін тұтынушыларға беріп тұру Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігінің келісімімен "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясы арқылы жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі, Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары Қазақстан мұнай өңдеу зауыттарынан мұнай өнімдерін "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясының өтініші бойынша ғана жөнелтетін болсын.

Премьер-министр